**"Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 қарашадағы № 181 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 95 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 қарашадағы № 181 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 2, 17-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«АЭА-ның аумағы 595,01 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады. АЭА аумағының құрамына алаңы 534,9 гектар «Металлургия-металл өңдеу» индустриялық паркі және алаңы 60,11 гектар № 1 «Кремний жазығы» қосалқы аймағы кіреді.».

көрсетілген Ережеге қосымша осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

*Қазақстан Республикасының Президентінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 95 Жарлығына ҚОСЫМША*

*Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылығы 24 қарашадағы № 181 Жарлығымен бекітілген "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге ҚОСЫМША*

## «Сарыарқа»
## арнайы экономикалық аймағы шекараларының жоспары




© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК